

akademii nauk, Novosibirskij gosudarstvennyj agrarnyj universitet. – Novosibirsk: Gosudarstvennaja publichnaja nauchno-tehnicheskaja biblioteka SO RAN. - 2020. – S. 177-181.

20 Brel'-Kiseleva, I. M. Primenenie kormovoj dobavki "Al karal" v racione kormlenija i ejo vlijanie na hozjajstvenno-poleznye kachestva loshadej kustanajskoj porody v TOO "Kazak tylpary" [Tekst] / I. M. Brel'-Kiseleva, A. Zh. Dosumova, V. F. Sharipov // 3i: Intellect, Idea, Innovation - intellekt, ideja, innovacija. – 2021. – № 1. – S. 29-34.

ТҮЙІН

Ұсынылған мақалада бұзауларды азықтандыру рационында "AL Karal" деп аталатын отандық жемшөп қоспасын қолдануға қатысты 2022-2024 жылдары жүргізілген зерттеулердің нәтижелері келтірілген. AL Karal өнімнің негізі-гуминді заттар, олар гумин және фульв қышқылдары. Дұрыс азықтандыру технологиясы организмдегі метаболикалық бұзылулардың алдын-алудың негізгі факторы болып табылады, сонымен қатар жануарлардың өнімділігін, алынған мал өнімдерінің сапасын анықтайтын экономикалық және пайдалы сипаттамаларды сақтаудың қажетті шарты болып табылады және әрине, олардың денсаулығына шешуші әсер етеді.

Әлсіреген бұзауларды сауықтыру үшін Al Karal препаратын қолдану бойынша зерттеулер жүргізілді. 4 топқа бөлінген жануарларға бақылау тобы үшін әдеттегі рацион берілді: жоңышқа пішені - 4,0 кг/бас., концентратталған жем-0,5 кг/бас. жаңа препарат қосылған тәжірибелі топ үшін-30 мл/гол. күніне. Әр түрлі инклюзивті зерттеулерге сүйене отырып, бұзаулардың рационына Al Karal жемшөп қоспасы, ғалымдар бұзаулардың өсуіне оң әсерін атап өтті, сондықтан олар бұзаулардың өсуі мен денсаулығын жақсарту үшін ақуыз бен энергия көзі ретінде ұсынады.

ӘОЖ 636.061.636.32/38
FTAXP 68.39.31

DOI 10.52578/2305-9397-2024-2-2-229-237

Давлетова А.М., Ph.D докторы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-3178-3277>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Жәңгір хан көшесі, 51, 090009, Қазақстан Республикасы, DavletovaAinura@mail.ru

Смагулов Д. Б., Ph.D докторы, <https://orcid.org/0000-0001-8992-2244>,

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Жәңгір хан көшесі, 51, 090009, Қазақстан Республикасы, dark.smagul@gmail.com

Айтпаева З. С., Ph.D докторы, <https://orcid.org/0000-0002-4814-2804>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Жәңгір хан көшесі, 51, 090009, Қазақстан Республикасы, zulya08@mail.ru

Дошанов Д. А., Ph.D докторы, <https://orcid.org/0000-0001-8117-7382>

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, dauliet70@mail.ru

Егемкулов Н. А., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, <https://orcid.org/0009-0005-0066-9104>

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, yegemkulov56@mail.ru

Davletova A. M., Doctor Ph.D, the main author, <https://orcid.org/0000-0002-3178-3277>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan, 51, 090009, Republic of Kazakhstan, davletovaainura@mail.ru

Smagulov D.B., Doctor Ph.D., <https://orcid.org/0000-0001-8992-2244>,

NJSC «West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan, 51, 090009, Republic of Kazakhstan, dark.smagul@gmail.com

Aitpaeva Z. S., Doctor Ph.D, <https://orcid.org/0000-0002-4814-2804>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan, 51, 090009, Republic of Kazakhstan, zulya08@mail.ru

Doshanov D. A., Doctor Ph.D., <https://orcid.org/0000-0001-8117-7382>

NJSC «South Kazakhstan University named after M.Auezov» Shymkent, Republic of Kazakhstan, dauliet70@mail.ru

Egemkulov N. A., Candidate of Agricultural Sciences, <https://orcid.org/0009-0005-0066-9104>

NJSC «South Kazakhstan University named after M.Auezov» Shymkent, Republic of Kazakhstan, yegemkulov56@mail.ru

**«ДОСЖАН» ШҚ ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰЙРЫҚТЫ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ТҰҚЫМЫ
ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ӨСУ ДИНАМИКАСЫ МЕН ЭКСТЕРЬЕРЛІК
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ
GROWTH DYNAMICS AND CHARACTERISTICS OF EXTERIOR FEATURES OF
YOUNG SHEEP OF THE KAZAKH FAT BREED IN THE "DOSZHAN" FARM**

Аннотация

Ауыл шаруашылығы малдарының ет өнімділігі көбінесе генетикалық потенциалмен анықталады, оның орындалуы малдарды дұрыс азықтандыру және бағып-күту жағдайларына байланысты. Сонымен бірге жануарлардың әрбір түріне тән биологиялық даму заңдылықтары бар.

Көптеген биологиялық мәселелердің ішінде ең маңызды және өзекті мәселелердің бірі - қойдың өсуі мен дамуы. Бұл организмнің барлық өнімділік және экстерьерлік-конституциялық ерекшеліктерінің қалыптасуымен байланысты. Сондықтан өсу заңдылықтарын зерттеу және оларды жануарлардың онтогенезін басқаруда пайдалану, өнімділік көрсеткіштері мен мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісін арттырудың қосымша резерві қызметін атқарады.

Мақалада қазақтың құйрықты қылшық жүнді қой тұқымының қозыларының жастың әр кезеңіндегі өсу динамикасы мен экстерьерлік ерекшеліктерінің сипаттамалары берілген. Алынған төлдің жастары қосылған сайын орташа тәуліктік салмақ өсу қарқыны баяулайтындығы туралы ғылыми деректер келтірілген. Зерттеуге алынған «Досжан» ШҚ қойларының жас аралығына байланысты дене өлшемдерінің өзгергіштігі айтарлықтай жақсы дамып, тезжетілгіш етті-майлы қой тұқымдарының физиологиялық ерекшеліктеріне сай өсіп-жетілудің жалпы заңдылықтарына ие келеді.

Әр топтар бойынша дене өлшемдерінің көрсеткіштері шамалы артықшылық статистикалық сенімсіз болды. Бұл жағдай төлдің туғаннан бастап енесінен айырғанға дейінгі өсу және даму энергиясы ең алдымен ең сүттілігіне байланысты екендігімен түсіндіріледі.

ANNOTATION

The meat productivity of animals is largely determined by the genetic potential, the implementation of which depends on the conditions of feeding and keeping the animals. At the same time, there are biological developmental patterns inherent in each animal species. Among the numerous biological problems, one of the most important and most pressing is the problem of the growth and development of sheep. This is due to the fact that the formation of all productive and exterior-constitutional characteristics of the body is associated with it. Therefore, the study of growth patterns and their use in controlling the ontogenesis of animals serve as an additional reserve for increasing productive indicators and increasing the production of livestock products. The article presents characteristics of the growth dynamics and exterior characteristics of lambs of the kazakh fat-tailed coarse-wool breed of sheep at each stage of growth.

The results of research are presented that with increasing age of lambs, the intensity of daily weight gain began to decrease. Depending on the age range of the animals studied at the «Doszhan» farm, the variability of body measurements has the same trend and obeys the general laws of growth and development, according to the biological characteristics of early-ripening fat-tailed breeds of sheep. The existing slight superiority in one group or another in terms of body composition indices was statistically unreliable. This situation is explained by the fact that the energy of growth and development of young animals from birth to separation from their mothers depends most of all on the mother's milk production.

Түйін сөздер: қазақтың құйрықты қылшық жүнді қой тұқымы, өсу, даму, өсу жылдамдығы, экстерьерлік өлшемдері, дене индекстері.

Key words: *kazakh fat-tailed coarse-wool breed of sheep, growth, development, growth rate, exterior measurements, body indices.*

Кіріспе. Қазақстан Республикасы халқының азық-түлік өнімдеріне, ал өңдеуші кәсіпорындардың шикізатқа үнемі өсіп келе жатқан қажеттілігін ауыл шаруашылығы өндірісін жан-жақты экономикалық дамыту арқылы ғана қанағаттандыруға болады. Агроөнеркәсіптік кешен – шикізатты негізгі жеткізуші және тағам өнеркәсібіндегі жалғыз дерлік тауар өндіруші болып табылатын халық шаруашылығының маңызды саласы. Елімізде көп жылдар бойы қалыптастырылған объективті алғышарттар, атап айтқанда қатан экстремальды климаттық жағдайлар, сонымен қатар кең көлемді жайылымдық алқаптардың болуы әлеуметтік мәнімен ұштасып, оның аумағында мал шаруашылығының әртүрлі салаларының дамуына ықпал етті.

Қой шаруашылығы – мал шаруашылығының ең перспективалы саласы, одан алынатын өнімдердің алуан түрлілігі және оны әртүрлі климаттық жағдайларда тиімді өндіру мүмкіндігі бойынша теңдесі жоқ. Республикадағы жалпы қой басының 70%-дан астамын құрайтын қылшық жүнді құйрықты қойларды өсіру ежелден табиғи-климаттық және экономикалық жағдайлармен, сондай-ақ халықтардың ұлттық дәстүрлерімен алдын ала анықталған.

Бұл қойлардың ең құнды қасиеттері: төзімділігі жоғары, төлдің жоғары өміршендігі мен ерте жетілуі, азықтық және ветеринарлық қорғауға деген қажеттіліктің аздығы, ал бұл деген өнімнің өзіндік құнының төмен болуына және рентабельділіктің жоғары деңгейіне ықпал етеді. Сонымен қатар, олар халықтың мәдениетінің бөлігі болып саналады және географиялық генофондтың қалыптасу заңдылықтарын көрсетеді [1].

Әлемде көптеген елдерде етті –майлы бағыттағы қой шаруашылығын дамуындағы стратегиялық ұлттық бағдарламалар жоспарланып, олар іске асырылу үстінде. Кәзіргі уақытта еліміздегі қой жүнінің өнімділігінің өндірістегі үлесі 75-80% -ды құрайды. Қылшықжүнді етті-майлы бағытындағы қойлардың ет өнімділігінің генетикалық әлеуеті осы күнге дейін ескерілмеді. Ал, бүгінгі күні осы саладағы өндірілетін жалпы өнімнің 85-90 % үлесі қой еті құрайды. Сол себептен етті-майлы бағытындағы құйрықты қой шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл аудару қажет [2].

Етті бағыттағы тезжетілгіш қой шаруашылығын дамыту қажеттілігі туралы Gorlov, I.F (2020), Хайитов, А.Х (2020) өз еңбектерінде айтады. Құйрықты қойлар жүн сапасынан тәуелсіз мықты ет және май өндірушілер болып табылады. Көптеген құйрықты қой тұқымдарында тұтынылатын азықтың 3/4 немесе одан да көп бөлігі ағзаның еттілігін қалыптастыруға жұмсалады. Сондықтан олардың етінің басым дамуына бағытталған қойлардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеуге және жетілдіруге көп көңіл бөлінеді [3-5].

Осы талаптарға етті-майлы бағыттағы еділбай, сарыарқа, қылшық және ұяң жүнді құйрықты қой тұқымдары жатады. Бұл тұқымдардың басты айтарлықтай маңызды биологиялық ерекшеліктері–олардың тезжетілдігіштігі, малдарды тауарлық мақсатта жас кезінде пайдалану мүмкіндіктері болып келеді. Ал бұл қасиеттері тірі салмақ өсіміне жұмсалатын азық шығының күот төмендетеді [6].

Бүгінгі күні қой шаруашылығы сласындағы етті-майлы бағытты өркендетуге, сондай-ақ оның сапасын жақсартуға айтарлықтай көп көңіл бөлінеді. Бұл нарықтық жағдайда сапалы қой етіне деген сұранысты көтеруде [7].

Құйрықты қойлардың ет өнімділігінің қалыптасу заңдылықтарын зерттей отырып, көптеген ғалымдар туғаннан 6 айға дейінгі аралықта жеткілікті азықтандыру ет өнімділігінің қалыптасуына тиімді әсер етеді деген қорытындыға келеді. Кейінгі кезеңде жақсартылған азықтану денедегі майдың көбірек түсуіне ықпал етеді. Олар әр түрлі жас кезеңдеріндегі қозылардың жеке ұлпалары мен мүшелерінің өсу қарқындылығы әртүрлі болатынын анықтады: сүйектердің максималды өсуі туғаннан 3 айға дейін, бұлшықеттер - 6 мен 9 ай аралығында болады деп тұжырымдады [8-9].

Зерттеу материалдары және әдістемесі. Зерттеу жұмыстарының тәжірибелері Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе АУДАНЫ, Аққозы ауылдық округіндегі «Досжан» шаруа қожалығында жүргізілді. Қаратөбе ауданы –Қазақстанның батыс аймағындағы оңтүстік-шығыс жағында орналасқан. Ауданның аумағы Каспий маңы ойпатының солтүстік-шығысында орналасқан, оның негізін Нарынқұм– Аққұм шағылдары құрайды. Қаратөбе ауданы оңтүстік-

шығыс жағында Атырау облысының Қызылқоға, шығыста Ақтөбе облысының Ойыл, Қобда аудандарымен шекараласады.

«Досжан» ШҚ қойларды жыл бойы қойларды табиғи жайылымда күтіп-бағып азықтандырады. Қараша айларында жүргізілетін қой қашыру науқанында шағылысуға қолданатын өндіруші аталық қошқарлардың тәуліктік азық нормалық рационы 1,1-1,3 кг құрама жем және қосымша азық ретінде 2,1 кг шабындық шөптен құралады. Аталық өндіруші қошқарлардың тәуліктік рационы жем-шөптің 321,0 г құрайтын қорытылатын протеин және 2,5 азық өлшемнен тұрады [11].

Саулықтары жыл бойы табиғи жайылымдарды пайдаланады, бірақ қыстың кейбір қатаң кезеңдерінде саулықтарға қосымша шабындық шөп салу қарастырылады. Ал қойды төлдетуі, яғни қоздату науқаны кезінде оларға күніне 0,2 кг аралас жем беріледі. Қой саулықтарына берілетін азық нормасының сіңімділігі 0,2 азық өлшемі және 18, 2 г қорытылатын протеинді құрайды [12].

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде қазақтың құйрықты қылшық жүнді қой тұқымы алынды. Қазақтың құйрықты қылшық жүнді қой тұқымын қойларының өнімділік деңгейі мен асыл тұқымдық қасиетін ғылыми тұрғыда толыққанды анықтау мақсатында туылғандағы, 4-4,5 айлығындағы және 1,5 жасындағы шаруашылыққа пайдалы селекциялық белгілер зерттелді [13].

Тәжірибеге алынған қойларды сұрыптау жұмыстары құйрықты қойлардың бонитировкалауының ережелеріне сай жүргізілді [14].

Тірі салмақтарының жасының ұлғаюына қарай өзгеруі туылғандағы, 4-4,5 айлығындағы және 18 айлығындағы сандық көрсеткіштеріне байланысты анықталды. Сонымен қатар, төлдердің тәуліктік салмақ қосу қарқындылығын анықтауы туылғанан бастап 18 айлығына дейінгі мезгілдерді қамтыды [15].

Эксперименттік деректерді статистикалық өңдеуі параметрлік және параметрлік емес статистика әдістерімен жүргізілді (Плохинский Н. А., 1969), Microsoft Office Excel 2003 және PAlaeontological Statistics бағдарламалар пакетін қолдана отырып жүргізілді [16].

Зерттеу нәтижелері. Құйрықты қойлардың айтарлықтай тәуліктік салмақ қосу динамикасы (кесте 1) туылғаннан 4-4,5 айлығына дейінгі аралықтағы мына факторлардың әсерлерінен туындалуы мүмкін: құрсақтан кейінгі өсіп-жетілу заңдылықтарына байланысты генетикалық қабілеттілік, бағып-күту аумағының табиғи-географиялық жағдайына бейімделу және есаулықтардың сүттілігі.

Қозылардың сүт ему кезеңіндегі дене салмақтарының артуы басқа жас аралықтарға қарағанда айтарлықтай жоғары болды. Еркек және ұрғашы қозылардың абсолюттік салмақ қосу қарқыны 37, 6 және 33, 6 кг құраса, тәуліктік салмақ қосу– 292, 5 және 261,4 г құрады.

Кесте 1 – Еркек және ұрғашы қозылардың өсу динамикасы

Көрсеткіштер	Ұрғашы қозылар		Еркек қозылар	
	Туылғаннан 4-4,5 айға дейін	4-4,5 айдан 18 айлығына дейін	Туылғаннан 4-4,5 айға дейін	4-4,5 айдан 18 айлығына дейін
Абсолюттік салмақ қосу, кг	37, 6	36, 1	33, 6	25, 4
Салыстырмалы салмақ қосу, %	701, 8	85, 3	691, 8	67, 2
Тәуліктік салмақ қосу, г	292, 5	87, 7	261, 4	61, 7

Қозылардың жасы қосылған сайын тәуліктік салмақ қосу қарқыны төмендеу тенденциясы анықталды. Ал ол қозылардың онтогенездің құрсақтан тыс кезіндегі физиологиялық заңдылықтарына мен жайылым жағдайларына ауысқанда азық қорының нашар болуына байланысты болады. Қозылардың өсіп-жетілуіне кері әсер ететін еңесінен айыру кезіндегі шаралар ғана емес, сондай ақ «стресс» деп аталатын паратиптік әсерлер етеді.

4-4, 5 айдан 18 айға дейінгі кезеңде еркек және ұрғашы қозылардың тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштерін зерттеу кезінде салыстырмалы қатарлар арасындағы бірқатар өзгерістер анықталды.

Еңесінен айыру уақытынан бастап, келесі аралықтарда қозылардың дене өлшемдерінің төмендеуі байқалды. 4-4, 5 айлық жаста алынған 260, 2 және 291,6 гр салыстырғанда бұл мән сәйкесінше 87, 7 және 61, 7 гр-ға төмендейді.

Малдарды селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу барысында, әсіресе сұрыптау кезінде экстерьерлік көрсеткіштерге аса назар аударады. Қойлардың өнімділік құндылығын анықтау кезінде міндетті түрде сыртқы экстерьеріне берілген баға ескертіледі [17-18].

Көптеген зерттеу нәтижелері бойынша организм тіршілігінің барлық кезеңдерінде өсіп-жетілу үрдісі бір қалыпты жүрмейтіндігі анықталды. Себебі организмнің өсіп-жетілуіндегі дене тұрпатының пропорциялары жасы ұлғайған сайын өзгеріп отырады [19-20].

Атап айтқанда, туылғаннан бастап еңесінен айырғандағы аралықта аса қарқынды өзгерістер осы кезеңде байқалады.


Біздің мәліметтеріміз бойынша, экстерьерлік ерекшеліктер зертеуге алынған қойлардың жасы мен жынысына қарай қалыпты жағдай мен айтарлықтай ауытқу дәрежелері, кемістігі мен кемшіліктері анықталынып отыр.

Жалпы барлық өлшемдердің ішінде серпімділік деңгейі айтарлықтай жоғары болды, кейін сол себепті қызығушылық танытып отырған экстерьерлік дене тұлғаларының бірі – шоқтығының биіктігі, тұрқының қиғаш ұзындығы мен кеуде орамы. Жаңа туылған еркек және ұрғашы қозылардың шоқтығының биіктігі 38, 6 және 34, 6 см құраған, бұл көрсеткіш сүт ему кезеңде 66,4 және 61,5 % дейін өсіп, 1,5 жастарында 74,4 және 67, 3 см жеткен (сурет 1).


Дене тұрқының қиғаш ұзындығы жынысқа байланысты сәйкесінше туғанда 35,3 және 32,8 см құрап, сүт ему кезеңде 73,4 және 60,0% дейін өсіп, ал 1,5 жастарында көрсеткіш 80,2 және 72,4 см құрады (сурет 2). Кеуде орамы бойынша да аталмыш тенденция барынша сақталынды, яғни сәйкесінше туғанда 40,5 және 37, 8 см болып, 4-4,5 ай ішінде 82,3 және 74,6 % артқан да, ересек кезеңінде 95,3 және 85,4 см дейін өсті (сурет 3).

Енесінен айырғанға дейінгі жас кезеңіндегі қолайлы жағдайлардың әсерінен дене өлшемдерінің өсу қарқыны орын алса, келесі кезеңде паратиптік факторлар тек тірі салмаққа ғана емес, сонымен қатар сыртқы экстерьерлік-конституциялық ерекшелікке де әсер етеді


Етті-майлы бағыттағы қозыларының экстерьерлік ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде, экстерьерлік дене өлшемдерінің көрсеткіштері қойлардың тірі салмақтарын алуда байқалған ерекшеліктеріне сай келеді. Тұрқы анағұрлым ірі, бойы биік, кеудесі кең қойлар құрдастарына қарағанда дене өлшемдерінің едәуір жоғарғы көрсеткіш тенденциясы туғаннан бастап ересек жасқа дейін сақталатындығы анықталынған.



Сурет 1 – Етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді құйрықты қой тұқымының қозыларының шоқтығының биіктігінің динамикасы, см



Сурет 2 – Етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді құйрықты қой тұқымының қозыларының тұрқының қиғаш ұзындығының өзгеру динамикасы, см



Сурет 3 – Етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді құйрықты қой тұқымының қозыларының кеуде орамының өзгеру динамикасы, см

Қойлардың экстерьерлік дене өлшемдерін сипаттау үшін тұлға индекстерін анықтау өте маңызды болады. Атап айтқанда, әр түрлі дене мүшелерінің жекелеген өлшем мөлшерлері олардың бір-біріне сәйкестігін, тұлғасының келістілігін нақтылы сипаттай алмайды. Осы жетіспеушілікті тұлға индексі толықтырады [21].

Әр жасқа байланысты экстерьерлік пропорционалдылық маңызды және негізгі бағалау жеке тұлғаның индекстерін дәл есептеу арқылы беріледі. Сондықтан, дене өлшемдерінің өсуінің пропорционалдығын анықтайтын тұлғаның маңызды индекстерін талдау нәтижесінде етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді қой тұқымының қозылары дене бітімінің ұқсастығымен ерекшеленетіні анықталды (кесте 2).

Кесте 2 – Дене тұлға индекстерінің өзгеру сипаты, %

Индекстер	Ұрғашы			Еркек		
	Туылғанда	4-4,5 айлығында	18 айлығында	Туылғанда	4-4,5 айлығында	18 айлығында
Сирақтылық	54	61	56	54	57	55
Созыңқылық	77	102	118	81	101	116
Кеуделілік	47	68	75	48	65	73
Дене жұмырлығы	130	118	107	127	123	112
Кеуде-бөкселік	95	108	113	103	112	111
Дене енселігі	91	103	101	93	103	101
Сүйектілік	17	11	13	16	12	13

Зертеуге алынған қойлардың жас мезгіліне байланысты дене құрылымы индекстерінің мәнінің өзгеру сипаты байқалды: созыңқылық, кеуделілік, сирақтылық, дене енселігі индекстері мал марқайған сайын жоғарылап, ал дене жұмырлығы, сүйектілік индекстері керсінше төмендей бастағаны байқалады, яғни дене индекстерінің өзгергіштігі бірдей тенденцияға ие болып, тездетілгіш құйрықты қойлардың биологиялық ерекшелігіне сай өсіп-жетілудің жалпы заңдылықтарына сай келеді.

Қорытынды. Тұқымдық қасиеттерге байланысты, зерттеліп отырған қылшық жүнді құйрықты қой тұқымының қозылары туылғаннан бастап, дене өлшемдерінің арақатынасы бойынша ересек жануарлардың дене құрылымына тең болып келді. Тұрқы ірі, бойы биік, кеудесі кең қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойлардың үлесіне тиетіндігі, әрі өз қатарлас жануарларына қарағанда экстерьері неғұрлым жоғарғы көрсеткішке туылғаннан бастап ересек жасқа дейін сақталатыны анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Александрова, А.А. Мясная продуктивность и некоторые интерьерные показатели баранов разных генотипов [Текст] / А. А. Александрова, Ф. Р. Фейзуллаев, Ю. И. Тимошенко, А. М. Абдулмуслимов // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2019. – № 3. – С. 37-38.
- 2 Двалишвили, В.Г. Весовой рост и мясная продуктивность чистопородных и $\frac{1}{4}$ кровных по эдильбаю романовских баранчиков при разной эффективности использования корма [Текст] // Овцы, козы, шерстяное дело. - 2019. – № 2. – С. 34-37.
- 3 Gorlov, I.F. Meat productivity and interior features of the different genotypes of the rams Edilbaev breed IOP Conference Series: Earth and Environmental Science [Текст] / I.F. Gorlov, M.I. Slozhenkina O.P.Shakhbazova// 3rd International Conference on Agribusiness, Environmental Engineering and Biotechnologies, AGRITECH-III, 2020.
- 4 Хайитов, А.Х. Рост и развитие молодняка овец в условиях домохозяйств [Текст] / А.Х. Хайитов, У.Ш.Джураева // Сельскохозяйственные Науки: Ветеринария И Зоотехния Agricultural Sciences: Veterinary Medicine And Animal Science.– 2020 г.–С.88-97. DOI 10/24411/2078-1318-2020-14088.
- 5 Morris, S.T. Economics of sheep production [Текст] / S.T. Morris // Small Ruminant Research, 86 (1-3), 59-62. Doi: 10.1016/j. smallrumres. 2009.09.019.
- 6 Магомадов, Т.А. Мясоность овец эдильбаевской породы в зависимости от уровня кормления [Текст] / Т.А. Магомадов, В.Г.Двалишвили, А.И. Ерохин, Ю.А. Юлдашбаев Х.А. Амерханов, Е.И. Гишларкаев, Е.А. Карасев, В.Д. Мильчевский, С.А. Хатаев //Овцы, козы, шерстяное дело.–№2.–2020.–С.25-29.
- 7 Ирзагалиев, К. С. Создание высокопродуктивных животных в стаде эдильбаевских овец прикаспийского региона [Текст] / К.С. Ирзагалиев // Зоотехния. - 2008. – №3. – С. 5-7.
- 8 Давлетова, А.М. Нагульные и мясные качества молодняка овец эдильбаевской породы при разном подборе по живой массе [Текст] / Давлетова А.М., Траисов Б.Б., Юлдашбаев Ю.А., Есенгалиев К.Г., Губина А.В // Овцы, козы, шерстяное дело. –2021. – № 4. - С. 30-33.

9 Садықұлов, Т.С. Әртүрлі генотипті қылшық жүнді құйрықты қой төлдерінің өсуі және дамуы [Текст] / Т.С.Садықұлов, Д.Б. Смағұлов, Ш.Р. Адылканова / Қазақстанның ауылшаруашылығы ғылымдарының хабаршысы. – Алматы: Бастау, 2018. №1.–71-76 б..

10 Канапин, К.К. Методы совершенствование эдильбайских и казахских грубошерстных курдючных овец [Текст] /К.К.Канапин // Вкн.: «Едилбайская овца». – Алматы, 2017. 136-138с.

11 Убушаев, Б.С. Технология производства молодой баранины с использованием витаминно-минерального премикса [Текст] /Б.С.Убушаев, А.К.Натыров, Н.Н. Мороз // Вестник калмыцкого университета.–№ 3 (19).–2013.–С. 21-24.

12 Аппаев, Б.В. Влияние кормовой добавки «Амилоцин» на обменные процессы валушковых калмыцкой породы овец [Текст] /Б.В. Аппаев // Кормление сельскохозяйственных животных и кормопроизводство.–№4 (165).–2019.–С. 28-37.

13 Давлетова, А.М. Возрастная изменчивость массы тела молодняка овец эдильбаевской породы [Текст] / А.М. Давлетова //Наука и образование. Том 1. –№ 4 (57). – 2019. – С. 49-54.

14 Инструкция по бонитировке курдючных овец [Текст].– Астана: МСХ РК.– 2014.

Бегімқұл, Б.К. Биометрия [Текст]: оқулық / Б.К. Бегімқұл.– Алматы: Нұр Принт.– 2017. – 347 б.

15 Плохинский, Н.А. Тұқым қуалаушылық [Текст]: оқулық / Н.А. Плохинский. –СО АН СССР.–1999.–196 б.

16 Хамзина, А.К. Exterior features of sheep different directions of productivity [Текст] /Д.Б.Смағұлов, А.К.Хамзина, К.Хамзин, Д.Есенғалиев // ISSN 2305-9397. Ғылым және білім. – 2022. –№ 3-2(68). –С. 38-54.

17 Осипов В.А. Әртүрлі конституциональды типті гиссар қойының биологиялық және шаруашылық ерекшеліктері [Текст] оқулық / В.А.: Осипов.– Алматы, Нұр Принт.– 2016.– 26 б.

18 Пушкарев, Н.Н. Селекционно-генетические параметры живой массы и экстерьерных показателей молодняка овец эдильбаевской породы [Текст] / Н.Н.Пушкарев, М.С.Сеитов, С.А. Белов, Х.К.Шарипов //Зоотехния.– №1 (69). –2018.–С.198-200.

19 Ертай, А.Б. Экстерьерные показатели овцематок эдильбаевской породы разного возраста [Текст] / А.Б. Ертай, И.С. Бейшова, Д.Б. Смағұлов, А.М. Ковальчук // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2022. – № 4. – С. 22-24.

20 Траисов, Б.Б. Особенности телосложения молодняка овец эдильбаевской породы разных внутривидовых типов [Текст] / Б.Б. Траисов, А.М. Давлетова, С.О. Чылбак-Оол, А.Б. Ертай // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2023. – №2. – С. 25-29.

21 Муканова, Л.Б. Әртүрлі генотипті құйрықты қозылардың өсіп-дамуы және ет өнімділігі [Текст] / Л.Б.Муканова, Т.Садықұлов, Ш.Р.Адылканова, Н.М.Малмаков //Ізденістер, нәтижелер-Исследования, результаты.–№2 (98).–2023.–С. 60-67.

REFERENCES

1 Aleksandrova, A.A. Myasnaya produktivnost' i nekotorye inter'ernye pokazateli baranov raznyh genotipov [Tekst] /A. A. Aleksandrova, F. R. Fejzullaev, YU. I. Timoshenko, A. M. Abdulmuslimov // Ovcy, kozy, sherstyanoє delo. – 2019. – № 3. – S. 37-38.

2 Dvalishvili, V.G. Vesovoj rost i myasnaya produktivnost' chistopородnyh i ¼ krovnyh po edil'bayam romanovskih baranchikov pri raznoj effektivnosti ispol'zovaniya korma [Tekst] // Ovcy, kozy, sherstyanoє delo. - 2019. – № 2. – S. 34-37.

4 Hajitov, A.H. Rost i razvitie molodnyaka ovec v usloviyah domohozyajstv [Tekst] / A.H. Hajitov, U.SH.Dzhuraeva // Sel'skohozyajstvennye Nauki: Veterinariya I Zootekhnija Agricultural Sciences: Veterinary Medicine And Animal Science.– 2020 g.–S.88-97. DOI 10/24411/2078-1318-2020-14088.

6 Magomadov, T.A. Myasnost' ovec edil'baevskoj porody v zavisimosti ot urovnya kormleniya [Tekst] / T.A. Magomadov, V.G.Dvalishvili, A.I. Erohin, YU.A. YUldashbaev H.A. Amerhanov, E.I. Gishlarkaev, E.A. Karasev, V.D. Mil'chevskij, S.A. Hataev //Ovcy, kozy, sherstyanoє delo.– №2.–2020.–S.25-29.

7 Irzagaliev, K. S. Sozdanie vysokoproduktivnyh zhivotnyh v stade edil'baevskih ovec prikaspijskogo regiona [Tekst] / K.S. Irzagaliev // Zootekhnija. - 2008. – №3.– С. 5-7.

8 Davletova, A.M. Nagul'nye i myasnye kachestva molodnyaka ovec edil'baevskoj porody pri raznom podbore po zhivoj masse [Tekst] / Davletova A.M., Traisov B.B., YUldashbaev YU.A., Esengaliev K.G., Gubina A.V // Ovcy, kozy, sherstyanoє delo. –2021. – № 4. - S. 30-33.

9 Sadykulov, T.C. Arturlya genotiptya kylshyk zhundya kujrykty koj tolderyanyap osuya zhane damuy [Tekst] / T.S.Sadykulov, D.B. Smagulov, SH.R. Adylkanova / Kazakstannyp auylysharuashylygy gylymdarynyp habarshysy. – Almaty: Bastau, 2018. №1.–71-76 b..

10 Kanapin, K.K. Metody sovershenstvovanie edil'bajskih i kazahskih grubosherstnyh kurdyuchnyh ovec [Tekst] /K.K.Kanapin // Vkn.: «Edilbajskaya ovca». – Almaty, 2017. 136-138s.

11 Ubushaev, B.S. Tekhnologiya proizvodstva molodoj baraniny s ispol'zovaniem vitaminno-mineral'nogo premiksa [Tekst] /B.S.Ubushaev, A.K.Natyrov, N.N. Moroz // Vestnik kalmycokogo universiteta.–№ 3 (19).–2013.–S. 21-24.

12 Appaev, B.V. Vliyanie kormovoj dobavki «Amilocin» na obmennye processy valushkov kalmyckoj porody ovec [Tekst] /B.V. Appaev // Kormlenie sel'kohozyajstvennyh zhivotnyh i kormoproizvodstvo.– №4 (165).–2019.–S. 28-37.

13 Davletova, A.M. Vozrastnaya izmenchivost' massy massy tela molodnyaka ovec edil'baevskoj porody [Tekst] / A.M. Davletova //Nauka i obrazovanie. Tom 1. –№ 4 (57). – 2019. – S. 49-54.

14 Instrukciya po bonitirovke kurdyuchnyh ovec [Tekst].– Astana: MSKH RK.– 2014.

Begyamkul, B.K. Biometriya [Tekst]: okulyk / B.K. Begyamkul.– Almaty: Nur Print.– 2017. – 347 b.

15 Plohinskij, N.A. Tukym kualashylyk [Tekst]: okulyk / N.A. Plohinskij. –SO AN SSSR.– 1999.–196 b.

16 Hamzina, A.K. Exterior features of sheep different directions of productivity [Tekst] /D.B.Smagulov, A.K.Hamzina, K.Hamzin, D.Esengaliev // ISSN 2305-9397. Gylım zhane byalyam. –2022. –№ 3-2(68). –S. 38-54.

17 Osipov V.A. Arturlya konstitucional'dy tiptya gissar kojynyp biologiyalyk zhane sharuashylyk ereksheiyaktery [Tekst] okulyk / V.A.: Osipov.– Almaty, Nur Print.– 2016.– 26 b.

18 Pushkarev, N.N. Selektionno-geneticheskie parametry zhivoj massy i ekster'ernyh pokazatelej molodnyaka ovec edil'baevskoj porody [Tekst] / N.N.Pushkarev, M.S.Seitov, S.A. Belov, H.K.SHaripov //Zootekhnika.– №1 (69). –2018.–S.198-200.

19 Ertaj, A.B. Ekster'ernye pokazateli ovcmatok edil'baevskoj porody raznogo vozrasta [Tekst] / A.B. Ertaj, I.S. Bejshova, D.B. Smagulov, A.M. Koval'chuk // Ovcy, kozy, sherstyanoe delo. – 2022. – № 4. – S. 22-24.

20 Traisov, B.B. Osobennosti teloslozheniya molodnyaka ovec edil'baevskoj porody raznyh vnutripodnyh tipov [Tekst] / B.B. Traisov, A.M. Davletova, S.O. CHylbak-Ool, A.B. Ertaj // Ovcy, kozy, sherstyanoe delo. – 2023. – №2. – S. 25-29.

21 Mukanova, L.B. Arturlya genotiptya kujrykty kozylardyp osyap-damuy zhane et onyamdyalyagya [Tekst] / L.B.Mukanova, T.Sadykulov, SH.R.Adylkanova, N.M.Malmakov //YAzdenyaster, natizheler-Issledovaniya, rezul'taty.–№2 (98).–2023.–S. 60-67.

РЕЗЮМЕ

Мясная продуктивность животных во многом предопределяется генетическим потенциалом, реализация которого зависит от условий кормления и содержания животных. В то же время существуют биологические закономерности развития, присущие каждому виду животных. Среди многочисленных биологических проблем одной из важнейших и наиболее актуальной является проблема роста и развития овец. Обусловлено это тем, что с ростом и развитием овец связано формирование всех продуктивных и экстерьерно-конституциональных особенностей организма. Поэтому изучение закономерностей роста, использование их в управлении онтогенезом животных служат дополнительным резервом увеличения продуктивных показателей и повышения производства животноводческой продукции.

В статье представлена характеристика динамики роста и экстерьерных особенностей ягнят казахской курдючной грубошерстной породы овец на каждом этапе роста. Приведены результаты исследований том, что с увеличением возраста ягнят интенсивность суточного привеса стала снижаться. В зависимости от возрастного диапазона изучаемых животных в КХ «Досжан» изменчивость показателей промеров телосложения имеет одну и ту же тенденцию и подчиняется общим законам роста и развития, согласно биологическим особенностям скороспелых курдючных пород овец. Имеющиеся некоторое превосходство в той или иной группе в показателях индексов телосложения были статистически недостоверными. Такое положение объясняется тем, что энергия роста и развития молодняка от рождения до отбивки от матерей больше всего зависят от молочности матери.